

**8D019 – Арнайы педагогика (6D010500-Дефектология/8D01901 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау) бойынша мамандарды даярлау бағыты бойынша құрылған философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған Диссертациялық Кеңесте**  
**Ибатова Гаухар Биржановнаның**

**«Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту»**

**тақырыбында жазылған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент**

**Мунинова Лола Рахимовнаның жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында <u>орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында <u>орындалған</u> (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына <u>сәйкес</u> (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес: «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына; 2022 жылдың 24 қарашасында ҚР Білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына; ҚР 2002ж. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңына; ҚР білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді дамытудың 2021 - 2023 жылдарға арналған Жол картасының бөлімдеріне.</p> <p>1.2020 жылғы 05 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер енгізіліп, бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Сондай-ақ, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы, №499 бұйрығына 2-қосымша «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (2-қосымшамен толықтырылған ҚР Білім және ғылым министрінің 29.12.2018, №721 бұйрығы) мазмұнына сәйкес, «Тіл дамыту» бөлімі, оның ішінде грамматикалық жағын жетілдіру бағыттары көзделген.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, оның маңыздылығы ашылған.	Жұмыс қазіргі таңда ғылымға елеулі үлесін қосатын өзекті мәселе қатарында болғандықтан маңыздылығы ашылған келесі ғылыми жаңалықтарды қамтығанын еңбек: -СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың теориялық- әдіснамалық негіздері айқындалған; -СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының даму деңгейі мен ерекшеліктері анықталған; -зерттеу барысында СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; - СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі іске асырылып, оның тиімділігі эксперименталды дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u>	Диссертациялық жұмысты дайындағанда ізденуші-докторанттың өзі жазу деңгейі жоғары еңбек екендігін келесі қорытындыларынан көре аламыз: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Шапағат» студенттерге цифрлы қызмет көрсету орталығы, «Антиплагиат» есебі бойынша – 85,7%; «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ, Талдау нәтижесінде аталған құжаттың «ҰМҒТСО» АҚ қорымен сәйкестігі айқындалмаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u>	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделмеуі, СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесі бойынша ғылыми зерттеулердің болмауы, ондай балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жолдарының жеткіліксіз қарастырылуы, сөзжасам дағдыларын анықтау әдістерінің жоқтығы, дамыту бойынша

			бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілмегендігін жоғарыдағы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу проблемасын айқындауға және тақырыпты таңдауға негіз болған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u>	Диссертацияны оқып талдау барысында, мазмұны диссертация тақырыбын айқындалғандығы байқалады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u>	Диссертациялық жұмыстың келесі мақсат-міндеттері тақырыпқа сай екендігін дәлелдейді. Зерттеудің мақсаты: логопедиялық жұмыс процесінде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың педагогикалық жүйесін жасау және ғылыми негізін дәлелдеу. Зерттеудің міндеттері: -зерттеу мәселесінің отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінде қарастырылуын зерттеу және талдау, -сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының даму ерекшеліктерін анықтау, -сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау, -сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыру, оның тиімділігін эксперименттік дәлелдеу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u>	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u>	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  <u>1) толығымен жаңа;</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, себебі ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Атап айтқанда:  <i>-бірінші нәтиже- жана</i>, себебі алғаш рет СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ балаларының сөзжасам дағдыларын дамытудың теориялық- әдіснамалық негіздері айқындалған,  <i>-екінші нәтиже жаңа</i>, себебі СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының даму деңгейі мен ерекшеліктері анықталған,  <i>-үшінші нәтиже жаңа</i>, себебі, зерттеу барысында СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған,  <i>-төртінші нәтиже жаңа</i>, себебі, СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі іске асырылып, оның тиімділігі эксперименталды дәлелденген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <u>1) толығымен жаңа;</u></p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Оның дәлелі нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: Мектеп жасына дейінгі СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту үшін логопедиялық жұмыстың тиімді жүйесі әзірленіп, сынақтан өткізіліп, тәжірибеге енгізілген, арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтері, тәрбиешілеріне және ата-аналарға арналған «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік құралы мен логопедиялық мультимедиялық жаттықтырғыш құрастырылған, жүйеленген әдістемелік құрал мен инновациялық мультимедиялық жаттығуларды логопедтер мен инклюзивтік білім беру жүйе мамандары түзете-дамыта оқу процесінде пайдаланып, қолданудың тиімділігі сөзжасам дағдыларының экспериментті оқытуға дейінгі және</p>

			кейінгі динамикасында дәлелденген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады. Диссертант логопед мамандарына арнап, онлайн сауалнама құрастырған <a href="https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDNRjaLOaNiWrr0m2Kxt-xKQIZwbAt417pDJKBcKWM0U3SaA/viewform">https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdDNRjaLOaNiWrr0m2Kxt-xKQIZwbAt417pDJKBcKWM0U3SaA/viewform</a>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 21 ғылыми еңбекте жариялаған: Scopus мәліметтер базасына енгізілген жарияланымда – 1 мақала, ҚР ҒЖБМ БСС ҚК бекіткен ғылыми басылымдарда – 4 мақала, монография – 1, практикалық логопедтер мен тәрбиешілерге арналған оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар – 5, логопедиялық жаттықтырғыш – 3, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі – 1, жақын шет ел мен Қазақстанда өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялары материалдарында басылымдарында шыққан – 3, ҚР журналдарында – 3 мақала.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия;</u> 7.4 Қолдану деңгейі: 3) <u>кең</u> 2) Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u>	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген: - СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдылары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады: сөзжасам дағдыларының даму деңгейі төмен, сөзжасам процесінде әртүрлі бұзылыстар кездеседі, жұрнақтардың мағыналарын жеткілікті түсінбейді, - мектеп жасына дейінгі СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдылары мен біліктері бұзылыстары бастапқы операциялардың (мағынаны білдіретін сөздің морфемдік элементін бөлу операциялары, жеке морфемаларды талдауды іске асыратын және құрылымдық-мағыналық кешенді

			<p>операциялар) қалыптаспағандығымен негізделеді,  - СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі мен оларды дамыту және бұзылыстарды түзету бойынша түзету-логопедиялық жұмыстың ғылыми негізделген жүйесінің болмауы арасындағы қарама қайшылықты шешу қажеттілігінен тұратын ғылыми мәселе,  -түзету логопедиялық жұмыс жүйесінде сөзжасамның бұзылуын түзетуге және дамытуға бағытталған мультимедиялық тапсырмаларды қолдану, СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекше қиындықтарды ескере отырып, сондай-ақ, оларды тудыратын механизмдерді ескере отырып, сөзжасам ережелерін игеруге, жаңа сөздер мен туынды сөздерді қолдану және түсіну көрсеткіштерінің артуына, сөздік қорын байытуға, сөйлеу тілі грамматикалық құрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және баспа еңбектерінде жарияланған ғылыми нәтижелерге қол жеткізуден, зерттеудің негізгі тұжырымдамалық идеялары мен ережелерін теориялық тұрғыдан дамытудан тұрады.</p> <p>Зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланды: Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1)ия;	<p>Әдістеменің таңдауы-негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негіздеріне салалар бойынша ғалымдардың зерттеулері алынған. - сөйлеу тілі мен ойлауды зерттеудің теориялық концепциялары (Т.В.Ахутина, Т.Г. Визель, Л.С Выготский, Н.И. Жинкин, А.А. Леонтьев, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Ж. Пиаже, А.А. Потенба, Ф. Соссюр, Т.Н. Ушакова, Л.В. Щерба, И.А. Бодуэн де Куртенэ, N. Chomsky, K. Sander, M.O. Ogar);  -онтогенезде сөйлеу тілінің қалыптасу</p>

		<p>заңдылықтары (А.Н. Гвоздев, Ф.А. Сохин, Д.Б. Слобин, А.М. Шахнарович, Б. Баймұратова, Т.Т. Аяпова);</p> <p>-дамуында ауытқуы бар балаларды арнайы ұйымдастырылған оқытудың рөлі туралы (Л.Б. Баряева, С.А. Миронова, Р.А. Сулейменова, т.б.);</p> <p>-қазақ тілі грамматикалық жүйесінің ерекшеліктері (М.Б. Балақаев, Р.С. Амиров, А.Д. Данияров, А. Ибатов);</p> <p>-сөйлеу тілі жалпы дамымауының құрылымы мен белгілері жөніндегі заманауи көзқарастар (М.С. Грушевская, З.А. Мовкебаева, Р.Е. Левина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, Қ.Қ. Өмірбекова, В.С. Балқыбекова, Л.Р. Муминова, М.Ю. Аюнова, Е.А. Бабаева, Л.Ф. Спирина, М.С. Жукова, Т.В. Туманова).</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1)ия</u></p>	<p>Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып диаграмма түрінде ұсынылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1)ия;</u></p>	<p>Теориялық тұжырымдар, енгізуімен қамтамасыздандырылып, құрылымдық-мазмұндық модельмен, «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік құралы мен логопедиялық мультимедиялық жаттықтырғыштың тиімділігі эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, зерттеу нәтижелері педагогикалық эксперимент негізінде берілген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>

		әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 239 әдебиеттер пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар, өйткені: -СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері айқындалып, осы санаттағы балалардың сөзжасам дағдылары туралы мағлұматтар нақтыланып, толықтырылған, -СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы мақсатты түрде жүргізіліп, түзету-оқыту педагогикалық үдерісіне жүйелі түрде енгізу қажетілігі ғылыми тұрғыдан негізделген, - СТЖД III-деңгейдегі мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысының мазмұны, оқыту стратегиясы, педагогикалық жүйесі ғылыми - әдістемелік тұрғыдан негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда: -мектеп жасына дейінгі СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту үшін логопедиялық жұмыстың тиімді жүйесі әзірленіп, сынақтан өткізіліп және тәжірибеге енгізілген, - арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтері, тәрбиешілеріне және ата-аналарға арналған «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік құралы мен логопедиялық мультимедиялық жаттықтырғыш құрастырылған, -зерттеу барысында анықталған деректер мен мағлұматтарды мектеп жасына дейінгі СТЖД балаларға арналған оқу-



			эдістемелік құралдарды құрастыруда басшылыққа алуға болады, - жүйеленген эдістемелік құрал мен инновациялық мультимедиялық жаттығуларды логопедтер мен инклюзивтік білім беру жүйе мамандары түзете-дамыта оқу процесінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1)толығымен жаңа; 2)жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3)жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4)төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары.

Диссертацияға жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстар айтуға болады:

Диссертацияда орфографиялық, стилистикалық қателер де кездеседі. Дегенмен, бұл аталған ұсыныс пен кемшіліктер диссертацияның жалпы құндылығын төмендетпейді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Докторант Ибатова Гаухар Биржановнаның 8D019 – Арнайы педагогика (6D010500-Дефектология/8D01901 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау) бойынша мамандарды даярлау бағытында құрылған философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған Диссертациялық Кеңесте Ибатова Гаухар Биржановнаның «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» диссертациялық жұмыстың орындалуы, теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған ғылыми нәтижелері бойынша ресми талаптарды толығымен қанағаттандыратын, әрі өз бетінше жеке орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Шешімі: Ибатова Гаухар Биржановнаның диссертациялық жұмысын 8D019 – Арнайы педагогика (6D010500-Дефектология/8D01901 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп, қорғауға ұсынамын.

Ресми рецензент:

«Республикалық балаларды әлеуметтік оңалту орталығы» ғылым мәселелері жөніндегі директордың орынбасары (Ташкент қ., Өзбекстан), педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Муминова Л.Р.